

**АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАГЫ
ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ
ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ
УНИВЕРСИТЕТИНЕ**



Абылай хан атындағы
Қазақ халықаралық қатынастар және
әлем тілдері университетінің ректоры,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
филология гылымдарының докторы,
профессор С. С. Құнанбаева ханымга

Құрметті Сәліма Сагиқызы!

Сізді және Сіз басқаратын Еліміздегі ерекше, әрі ұлттымыздың ұлылығын ұлықтаң жүрген жоғары оқу орындарының көшбасшысы қатындағы, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің ұжымын 75-жылдық мерейлі де мерекелі тойымен Қазақстан Республикасының Ұлттық гылым академиясы Төралқасының атынан және өз атынан шын жүректен құттықтаймын!

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті 75 жылдың ішінде талай асулардан, күрделі кезеңдер мен қылыштардан өтті. Осы жылдар ішінде мың-мыңдаған қазақстандық және шетелдік жастар білім алғып, армандарын асқақтаптып, қияга қанат қақты.

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде 75 жылдық тарихы мен тәжірибесі бар, әлемнің 14 тілін оқытатын, бәсекеге қабілетті гуманитарлық-шетелдік және халықаралық профильдегі мамандарды даярлайтын, үздік жоғары оқу орындарының санатында көш бастап келеді.

Бүгінде университетте 7 базалық факультет жұмыс жасап, бакалавриат, магистратура және PhD докторантуралары бойынша жоғары білімді кәсіби мамандар шыңдалуда. Соның жемісі ретінде әр жылғы бітіретін түлектердің 85% еңбек нарығында жоғары сұраныстарға ие болып отыр. Университет басшылығы мен ұжымы білім беруді дамытуда әлемдік озық тәжірибелерге сай қызметтерін жоғары дәрежеде атқарып келеді. Осылардың барлығы Сіз басқарып отырган ұжымның ерең еңбектерінің жемісі деп білеміз.

Бүгінгі таңда Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті – инновациялық бағыттағы әлемдік гылым - білім кеңістігіне қажетті мамандар дайындастын негізгі білім ордасы.

Дәл қазірдің өзінде республикамыздың басқару жүйесінде отырган білікті мамандар мен талантты галымдардың, дарынды педагогтардың үлкен тобы осы киелі шаңырақтан шыңдалып шыққандар.

Құрметті, Сәліма Сагиқызы, Сізді және Сіз басқарып отырган ұжымды университеттің 75 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, университеттің өсіп-өркендеуіне қызмет етіп отырган ұстаздар қауымына, қызметкерлеріне зор денсаулық пен Еліміздің мүддесі үшін атқарып жеткән еңбектерінізге мол табыстар тілеймін!

Игі тілектермен,
ҚР ҰҒА Президенті,
академик


М. Жұрынов

